

Бюджеттік борыштар жөнінде есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 желтоқсан N 1473

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің алынған материалдық құндылықтар үшін жинақталып қалған берешектерін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп салық төлемдері бойынша республикалық бюджетке жалпы сомасы 40 (қырық) млн. теңге, оның ішінде қосылған құнға салынатын салық бойынша 30 (отыз) млн. теңге, заңды тұлғалардан алынатын салық бойынша 10 (он) млн. теңге есептемеге қабылданған "Бент" акционерлік қоғамының берешегіне есептеме жүргізсін:

аталған соманы алынған материалдық құндылықтар үшін "Бент"

акционерлік қоғамына берешегін өтеу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетін қаржыландыру шотына есептесін.

2. Берешектерді есептеу 1996 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі